**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Мақпал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттауда анықталған кемшіліктер мен ескертулерді жою бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2022 жылғы 22 қарашада 389 бұйрығымен бекіткен 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мақпал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай-Мектеп) 2023 жылдың **27 қарашадан 29 қараша** аралығында мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен таныса отырып, анықталған кемшіліктер мен ескертулерді жою бойынша төмендегі іс-шаралар орындалды.

| **№** | **Аталған кемшіліктер** | **Орындалуы** | **Орындалғаны туралы белгілеу** |
|---|---|---|---|
| **1.** | 2023-2024 оқу жылында өзін-өзі бағалау есебіне сәйкес шағын орталықтың жұмысын тоқтатылған, ал тоқтатуға рұқсаттама болатын құжаттар жоқ. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-тармағы4- | Осы кешілікке байланысты 2024 жылдың 12-ші қаңтарынан бастап балаларға «Мақпал ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Еркемай» шағын орталықтың жұмысы ұйымдастырылды. Тәрбиеші: Маймақова Қайыржамал Рахимбековна, білімі орта арнаулы, 1998 жылы Щучинск педагогикалық училищесін бітірген, еңбек өтілі 30 жылдан артық. | Орындалды http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/6377-09-04-24-16-53-17-1-punkt |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тармақшасына «4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы)» сәйкес келмейді. Мектеп жасындағы балаларға шағын орталықтын жұмысын ұйымдастыру қажет. | Біліктілік санаты жоқ, зейнеткерлік жаста, курстан 2023 жылы 07.11.-17.11. аралығында Көкшетау қаласындағы «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамынан өтті, 80 сағат. Тақырыбы: «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | |
| **2.** | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4.2-тармақтарына «2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі | Оқу жұмыс жоспарлары балалардың жасына сай 2021-2022 оқу жылына, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына құрастырылды. 2021-2022 оқу жылында шағын орталықта 5 бала болды, жастарына қарай жұмыс жоспары кіші, ортаңғы, ересек топқа жасалды. Вариативтік компоненттің жоспары қарастырылды. 2022-2023 оқу | жоспарлар қоса берілді, орындалды.<br><br>http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/3467-09-04-24-13-13-56-1-punkt |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар)» сәйкес келмейді.<br>1. Вариативтік компонентінің жоспарын құрастыру.<br>2. Оқу жұмыс жоспарын балалардың жасына сай құрастыру. | жылына оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары. Қазақстан Республикасының Білім министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына ( 1 қосымша) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізіле отырып жасалынды. Вариативтік компоненттің жоспары қарастырылды. 2022-2023 оқу жылында шағын орталықта 9 болды. Жұмыс жоспары бойынша кіші, ортаңғы, ересек топ жұмыс жасады. Оқу жұмыс жоспарлары балалардың жасына | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сай құрастырылды. 2023-2024 оқу жылында 12-ші қаңтардан бастап шағын орталыққа 6 бала қабылданды. Жұмыс жоспары Ортаңғы және ересек топқа жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына (2-қосымша) өзгерістер енгізіле отырып жасалынды. | |
| **3** | 2022-2023 оқу жылындағы ұсынылған қорытынды мониторинг бойынша жасалған жиынтық есебі Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарына сәйкес емес. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 20-тармағына сәйкес келмейді. | Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту мониторингі бойынша 2021-2022 оқу жылының, 2022-2023 оқу жылына бастапқы, аралық, қорытынды бақылау мониторингі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 20-тармағына жас ерекшеліктеріне сай жасалынып, ұсынылды | Ұсынылды, орындалды.<br><br>http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/4-punkt |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4** | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылғы 19 шілдедегі №55 тексеріс актісінде мектеп өртке қарсы саласындағы ережелерде көзделген талаптарға сәйкес кемшіліктер анықталған. | «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» КММ-сінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №55 тексеріс актісінде мектеп өртке қарсы саласындағы ережелерде көзделген талаптарға сәйкес кемшіліктердің жойылғандығы туралы құжаттар ұсынылды. | Ұсынылды http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/3-punkt |
| **5** | Мектептің ұстаздар ұжымының біліктілік арттыру курстарынан өтуі бойынша құжаттарды зерделей келе, кейбір мұғалімдердің 3 жыл ішінде курстан өтпегені анықталды: Мұхамеджанов Қайыргелді Жанатұлы математика пәні мұғалімі,сонымен қатар Хамзина Алмагүл Өміртаевна музыка жетекшісі ретінде курстан өтпегені анықталды. | 2024 жылдың 26-шы наурызынан сәуірдің 6-сы аралығында математика пәні мұғалімі Мухамеджанов Қ.Ж. Көкшетау қаласындағы «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығынан курстан өтті. Тақырыбы: «Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер", 80 сағат. (сертификаты ұсынылды) Музыка пәні мұғалімі Хамзина А.Ө. музыка пәнінен | Орындалды http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/2-punkt |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығынан 80 сағаттық курстан өтті, Тақырыбы: «Музыка пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» | |
| 6 | 2-9 сынып аралығындағы сабақ кестесінде пән атаулары қысқартылып көрсетілген. | 2023-2024 оқу жылындағы 2-9-шы сыныптың аралығындағы сабақ кестесіндегі пән атаулары толық жазылып, ұсынылды. | Орындалды http://sc0016birzhansal-aqmo.edu.kz/content/1-punkt |

Мектеп директоры: Ж.А.Байшикова